

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының арпа сатуға жасалған контрактісі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 9 қаңтар N 7-ө

1. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының "Ромак С.А." фирмасымен (Женева, Швейцария) арадағы мемлекеттік ресурстардан 61 және 30 мың тонна арпа сатуға жасалған контрактісі мақұлданын.

2. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы АҚШ долларымен 2993,4 мың (екі миллион тоғыз жүз тоқсан үш мың төрт жүз) сомада түскен қаржының бір бөлігін облысқа жеткізілген пестицидтер үшін Алматы облысының "БАСФ" (Германия) және "Зенека-Өсімдік қорғау" (Ұлыбритания) фирмалары үшін борышын өтеуге, ал 30 мың тонна арпаны сатудан түскен пайданы Петропавл қаласындағы макарон фабрикасымен арадағы шарт бойынша, қайтарымды негізде, "Окан холдинг" түрік фирмасына бағыттасын. Шетел фирмаларымен есеп айырысуды жүзеге асырғаннан кейінгі қалған қаржы Корпорациясының есебіне жинақталсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Кеден комитеті, Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы, Қазақстан халықаралық агроөнеркәсіп биржасы және басқа да тиісті ведомстволар астықты көрсетілген контрактілер бойынша тиіп-жөнелтуге қажетті жәрдем көрсетсін.

4. Алматы облысының әкімі Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясымен арадағы шарт бойынша мемлекеттік ресурсқа 1996 жылдың өнімінен 61 мың тонна II класты арпаны қайтаруды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр